

«Қарауыл Қанай би ауылының негізгі орта мектебі» КММ

***Қанай би ауылының негізгі орта мектебі
бойынша
оқу-тәрбие жұмысына талдау***

Орындаған: Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары
Нұрмұхамбетов Е.Б.

2024-2025 оқу жылы

Мектепте 1-9 сынып оқушылары оқытылады. Оқыту тілі – қазақ тілі.

Мектеп мына режимде жұмыс істеді:

мектепалды даярлық, 1–4 және 5–9 жалпы білім беретін сыныптар – 5- күндік жұмыс аптасы;
Сабақтың басталуы:
1 ауысым – 08:30 бастап;

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Күндізгі және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен анықталады.

Оқу жылының ұзақтығы мектепалды сыныптарда – 35 апта, 1–9 сыныптарда – 34 апта.

Оқушылар контингенті

2024/2025 оқу жылының басында мектепте 35 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында оқушылар саны – 35, оның ішінде

1–4 сыныптар – 16 оқушылары;
5–9 сыныптар – 19 оқушылары;
0 -үйде оқитын оқушы;
0- ЕБҚ бар оқушы.

2024/2025 оқу жылында сынып жиынтықтарының саны – 6.

Сыныптардың орташа толымдылығы:

3– 7 оқушы бойынша 1–4 сынып;
2–5 оқушы бойынша 5–9 сынып;

Оқыту процесі	1-ші басқыш (бастауыш білім беру)	Сынып саны	Оқушы- лар саны	2-ші басқыш (негізгі білім беру)	Сынып саны	Оқушы- лар саны
жара-тылыс- математикалық бағыты	16	3	15	19	3	19

Педагогикалық кадрлар құрылымының сапасы

Оқу жылы	Мұғалі мдер саны	1 санат	Педагог- модерат ор	Педагог сарапшы	Педагог- зерттеуші	Педагог- шебер-	1-ші, жоғары саната % есебімен
2024-2025	16	0	5	1	4	0	66%

Мұғалімдердің курстық қайта даярлаудан өтуі

Оқу жылы	Курстық қайта даярлауға жататын педагог қызметкерлердің жалпы саны (адам)	Біліктілікті арттыру курсынан өтті	Қайта даярлау курсынан өткен мұғалімдер үлесі
2024/2025	7	5	1

**2024/2025 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың
білім, білік және дағды сапасының жай-күйі**

	Сынып	Оқушы саны	Оқу озаты	Екпінді лер	Үлгеру шілер	Үлгер меуші	Бір пән бойынша "4"	Бір пән бойынша "3"	Білім сапасы %	Үлгерім сапасы %	Орта балл
1	3	6	2	2	2	0	0	2	66.67%	100.0%	4,4
2	4	3	2	0	1	0	0	0	66.67%	100.0%	4,38
3	5	4	0	3	1	0	0	1	75.00%	100.0%	4,08
4	6	2	1	1	0	0	0	0	100.00%	100.0%	4,56
5	7	3	0	1	2	0	0	0	33.33%	100.0%	3,44
6	8	5	1	3	1	0	0	0	80.00%	100.0%	4,23
7	9	5	3	0	2	0	0	0	60.00%	100.0%	4,36
	Барлығы	28	9	10	9	0	0	3	67.8%	100.0%	4,2

Мектеп оқушыларының білім сапасы әр тоқсан сайын өсіп отырды.

I тоқсан үздік -8, екпінді -10 білім сапасы – 64,2 %.

II тоқсан үздік -8, екпінді -11 білім сапасы – 67,8 %.

III тоқсанда үздік-8, екпінді-11 білім сапасы-67,8 %

IV тоқсанда үздік-9, екпінді-10 білім сапасы-67,8 %.

Барлығы:

үздік оқушылар – 9 оқушы;

екпінділер – 10 оқушы;

үлгерушілер – 16 оқушы;

үлгермеушілер – 0 оқушы;

сапасы – 67,8 %;

үлгерушілер – 100 %

**2024/2025 оқу жылында
мұғалімдердің марапаты**

№		Педагогтың аты-жөні			
			аудандық	Облыстық	Республикалық
1	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» аудандық байқауы	Жарылғасова Алия Темирбековна	Алғыс хат		
2	«Тарих және география сабақтарында жаңа буынның электронды білім беру ресурстары мен ақпараттық технологияларын пайдалану»	Жетенова Арайлым Балтаескенқызы	Белсенді қатысқаны үшін сертификат		
3	«Педагогикалық идеялар понарамасы» халықаралық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналға жұмысын жариялаған үшін	Жетенова Арайлым Балтаескенқызы			Белсенді қатысқаны үшін сертификат
4	Білім беру саласын жетілдірудегі және ұйымдастырудағы елеулі еңбек үшін.	Жетенова Арайлым Балтаескенқызы	Алғыс хат Білім бөлімнен		

**2024/2025 оқу жылындағы оқушылардың олимпиада,
интеллектуалдық ойындарға, іс-шараларға қатысу
нәтижелері**

№	Іс-шара	Қатысушы саны	Жеңімпаздың Т.А.Ә.	Нәтиже
1	3-4 сыныптар арасында өткен «Алтын сақа» Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	3	3 сынып: Жолас Мирас Бақатай Мінсіз Қайрат Алихан	1 орын 2 орын 3 орын
2	9-11 республикалық олимпиадасының аудандық кезеңі қазақ тілі және қазақ әдебиеті	1	Жанибекова Жансая	2 орын
3	5-9 сыныптар арасында өткен «Тарих ата» Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	5	5 сынып: Бегайдар алуа, Бек Алуа, Жұмабай Мерей, Жолдас Інжу 6 сынып: Жолымтай Асылзат, Дәуренбек Айзере; 7 сынып: Иманбай Нұрхан; 9 сынып: Жанибекова	3 орын 2 орын

			Жансая	
	7-8 сыныптар арасында өткен Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі Қазақстан тарихы	2	Жолымтай Асылзат, Жұмабай Амира	мадақтам а
	Аудандық мектеп мұражайы байқауында «Туған жердің батырлары», «Мектеп мұражайының үздік жетекшісі», Табиғи туристік нысандар туралы үздік аңыз» номинациясы бойынша	8	9 сынып оқушысы: Жолдай Айым, Молдахметова Назым.	2,3 орын
	2-7 сынып оқушылары арасындағы «Зерде» шығармашылық жобалардың аудандық кезеңі	1	5сынып оқушысы Бегайдар Алуа	3 орын
	8-11 сынып оқушылары арасындағы шығармашылық жобалардың аудандық кезеңі	1		
	9-10 Жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты VII республикалық интеллектуалды байқауының облыстық кезеңі	1	9 сынып оқушысы Молхаметова Назым	3 орын
	1-4 сыныптар оқушылары «Дарын» Республикалық ғылыми практикалық орталығының «Кенгуру – математика » интеллектуалдық конкурсы	12		
	«Дарын» Республикалық ғылыми практикалық орталығының « Ақбота» зияткерлік олимпиадасы			
	Шығармашыл 8-11 сынып оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңі «Көркемсөз оқу» номинациясы бойынша	1	9 сынып оқушысы Жансая Жанибекова	Мадақтам а
	Шығармашыл 8-11 сынып оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңі «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша	1	9 сынып оқушысы Молдахметова Назым	2 орын
	Шығармашыл 8-11 сынып оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңі «Эссе жазу» номинациясы бойынша	1	9 сынып оқушысы Жолдас Айым	3 орын
	«Шебер әке,өнерлі ана,еңбекқор бала» аудандық байқауы		3 сынып оқушысы Жолдас Димаш	2 орын
	7-11 сынып оқушылары арасында өткен «Жарқын болашақ» қазақ тілі аудандық олимпиадасында	2	9 сынып оқушылары: Жолдас Айым, Молдахметова Назым	3 орын
	«Абай оқулары» облыстық кезеңі «Жүйректен үйрік озар...» өлең жазу	1	9 сынып оқушысы Жолдас Айым	Жүлдегер
	Аудандық «Ақмола кадрда»сырттай фотаконкурсы	1	3 сынып оқушысы Қайрат Әділхан	2 орын

	Республикалық Мағжан оқулары «Мен жастарға сенемін» номинациясы бойынша	1	3 сынып оқушысы Жанибекова Аяжан	1 орын
	Республикалық Міржақып оқулары «Оян, қазақ» номинациясы бойынша	1	3 сынып оқушысы Қайрат Алихан	1 орын

Мектептегі ұстаздар қауымы 3 әдістемелік бірлестікке топтастырылған.

1. Бастауыш сыныптар бірлестігі.
2. Орта буын әдістемелік пәндер бірлестігі.
3. Сынып жетекшілер бірлестігі.

Қыркүйек айының басында әр мұғалім өзіндік білім көтеру жоспары және өз проблемасы бойынша жұмыс жоспарын құрды. 1-ші отырыста қаралған сұрақтар:

1. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарын талқылау.
2. Тақырыптық-күнтізбелік жоспарды тексеру.
3. Әдістемелік бірлестіктің отырыстарын жоспарлау.
4. Бастауыш сыныптар бойынша БЖБ/ТЖБ кестесін құру.
5. Мектеп жанындағы «Ақбота» ШО да осы бірлестікке қарайды. Онда екі тәрбиеші жұмыс жасайды. Қыркүйек айының 11.09-14.09.23ж. «Ақбота» ШО құжаттарын мектеп әкімшілігі тарапынан тексеріліп бірқатар жіберілген олқылықтар анықталды. Атап айтсақ, бүлдіршіндердің жеке іс-қағаздарында міндетті түрде болатын құжаттардың болмауы, журналдардың жаңартылмағаны, көрнекіліктің аз болуы т.б. Тәрбиешілерге осы атаған кемшіліктерді жоюға уақыт беріліп, жөнге келтірілді.

«Өрлеу» «ҰБАО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтынан» «Мектепалды даярлықтың тәжірбиелік және мазмұндық аспектілері» мектепалды даярлық мұғалімі Жарылғасова Алия Темірбекқызы, «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті» бастауыш сынып мұғалімдері Тасымбекова Ж.Қ., Ерболқызы Айшагүл, Андержанова Р.А. мұғалімдері біліктілігін арттыру курсынан өтіп, сертификатқа ие болды.

Жас мамандармен жұмыс

2024-2025 оқу жылында мектебімізде 2 жас маман болды. Олар: бастауыш сынып мұғалімі-Ерболқызы Айшагүл, Андержанова Р.А. Жас мұғалімге тәлімгерлер бекітілген, жоспар бойынша сабақтар өткізіледі

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жетілдіру, әрбір сабақтың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктерін арттырып, парасатты жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жас ұстаздар мектебі» жұмыс істейді.

«Жас ұстаздар мектебі» - жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетуді, тәлімгерлер мен ұстаздардың арасында байланыс, өзара сабаққа қатысу, жас мамандар үшін дәстүрлі емес ашық сабақтар, семинарлар өткізуді жүзеге асырады. Жас мамандарға тәлімгерлер жаңа педагогикалық технологияларды сабақ барысында пайдалануды үйретеді, шығармашылық ізденісті ұйымдастыруды, ұстаздар іс-тәжірибесіне қажетті технологияны таңдап алуды, мониторингтер жасауды үйретіп, бақылап отыру.

Педагог-психолог қызметі

Психологиялық қызметтің мақсаты: Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, мектеп ортасында қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету;
- Әрбір білім алушыға оның жеке тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- Оқушылардың психологиялық денсаулығын қорғау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналармен педагогтерге консультациялық көмек беру;
- Білім алу процесі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін арттыру.

2. Мектепте психологиялық қызмет 5 бағыт бойынша жүргізілді. Психологиялық диагностика, түзету- дамыту, психологиялық алдын-алу және ағарту, кеңес беру және ұйымдастыру – әдістемелік жұмыс. Қызмет бағыттары бойынша оқу жылының мақсат-міндеттерін орындауда жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқарылды.

Мектеп психологі Нұрмұхамбетова Арайлым Сайлаубекқызының басшылығымен 2024-2025 оқу жылында мектеп ұжымына сапалы психологиялық қызмет көрсетілді. Көптеген диагностикалық жұмыстар атқарылып қорытынды жасалды.

Атап айтсақ, 9 сынып оқушыларына қорытынды аттестаттауға дайындығын сүйемелдеу бағытында оқу мотивациясын зерттеу, өзін-өзі бағалау және мазасыздық, стресс деңгейін зерттеу үшін «Жақсы көңіл- күй сыйла» атты психологиялық сағат өткізілді.



Ұстаздармен «Кәсіби даму мектебі» жобасы бойынша мына тақырыптарда коучинг сабақтары өткізілді: «Эмоционалды қауіпсіздің атмосферасы», Эмоционалды күйзелудің алдын-алу», «Эмоционалды күйді өзін-өзі реттеу», «Эмоционалды күйзелудің алдын-алуға арналған психологиялық ойындар»

Желтоқсан айының 2-6 аралығында «Ғажайып әлем» атты психология апталығы өткізілді. Мақсаты: Білім беру үрдісіне қатысушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ету. «Психология» ғылымы, психологиялық білімнің адам өміріндегі рөлі мен орны туралы білімдерін кеңейту. Оқушылардың шағармашылығын, белсенділігін арттыру.

Апталықтың бірінші күні оқушыларымыздың көңіл-күйін анықтау мақсатында «Көңіл-күй»кемпірқосағы» акциясымен басталды.Өйткені жақсы не жағымсыз көңіл-күй болсын оқытуға және тұлғааралық қатынастарды құруға үлкен әсер етеді. Және таңертең мектепке келген оқушыларымызды, ұстаздарды, ата-аналарды тілектер жазылған тәттілермен қарсы алдым.



Ұсыныстар: Коучинг сабағы өте жоғары деңгейде өтті, ұстаздарға жүргізілген жаттығулар ұнады. Ұстаздар мен ата-аналар арасында коучинг сабақтарды жиі өткізу.

Әдістемелік бірлестік жұмысы

2024-2025 оқу жылында өз бірлестігімен жүйелі түрде жұмыстарды ұйымдастырып жетістіктерге жете білген Орта буын әдістемелік пәндер бірлестігінің жетекшісі Орынтаева Ү.С. және бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі Жарылғасова А.Т. мектеп әкімшілігі атынан алғыс жарияланды.

Қыркүйек айының 9-20 аралығында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» атты Тілдер мерекесінің онкүндігі өткізілді. Осы іс-шара кезінде өткізілген – «Тіл-халық мұрасы» ҚР тілдер фестивалінің салтанатты ашылуы; «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» кітап көрмесі; «Ахмет-ұлт ұстазы» атты сынып сағаттары; «Ертегілер елінде» атты көрініс; «Қазақстан-бірлігі бекем,тағдыры ортақ-Мәңгілік ел» тарих жолымен дөңгелек үстел; «Мемлекеттік тіл-менің тілім» сыныптан тыс жұмыс; «Дәуірдің жарқын жұлдызы» атты Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өміріне арналған эссе жазу; Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай өткізілген «Ахмет және тіл тағылымы» атты онкүндіктің жабылуы ұйымдасқан түрде тартымды өткізілді.Әр өткізілген іс-шараға жауапты мұғалімдер ,сыныптар тағайындалды. Соңында есеп жазылып,анализ жасалды.

Қыркүйектің 23-27 аралығында информатика,көркем еңбек пәндерінің берілуіне бақылау жасалды.Информатика пәнінің мұғалімі Баяділова Акку Дүйсенбайқызының және технология пәнінің мұғалімі Жетенов Нұржан Мұратбекұлының сабақтарына қатысып білімалушылардың сабаққа деген белсенділігін,қызығушылығының бар екені анықталды.

5-9 сынып оқушыларының қазақ әдебиетінен оқу жылдамдығы тексеріліп қорытынды жасалды.5 сыныпта барлық оқушылар нормаға сай оқыды. 6 сыныпта 2 оқушы да нормаға сай оқыды. 7 сыныпта 2 оқушы нормаға сай ал бір оқушы Айдарбек Нұрхан нормадан төмен оқыды.8 сыныпта 2 оқушы нормадан жоғары,3 оқушы нормаға сай оқыды.9 сыныпқа келетін болсақ барлық оқушы нормадан асырып,сай оқыды.Пән мұғалімі Нұрмұхамбетов Е.Б.7 сынып оқушысы Айдарбек Нұрханмен қосымша жұмыс жасау ұсынылды.

Қараша айында мектепшілік пәндер олимпиадасы өткізілді. Жақсы нәтиже көрсеткен оқушылар: 5 сынып оқушысы Бегайдар Алуа тарих пәнінен 1 орын; 9 сынып оқушысы Молдахметова Назым ағылшын тілінен 1 орын; 6 сыныпта Дауренбекова Айзере Орыс тілі мен әдебиет пәнінен 1 орын; 8 сыныпта Жұмабай Дарын физика пәнінен 2 орын; 9 сыныпта Жолдас Айым математик пәнінен 2 орын және 8 сыныпта Ахметжанова Аяулым информатика пәнінен 2 орын. Осы жоғарыда аты аталған білімалушылар аудандық олимпиадаға жолдама алды.

Желтоқсан айының 09.12-13.12.2024 аралығында гуманитарлық пәндер апталығы өткізілді. Жоспар бойынша 09.12. 2024 күні апталықтың ашылу мерекесі; осы күні 5 сыныпта орыс тілі мен орыс әдебиетінен «Дружба богатство бесценное» атты ашық сабақты Нурпеисова С.С. өткізді. 10.12.2024 күні «Тілдер әлемі» атты кітапханашы Баяділ А.Д. көрме өткізді. 11.12.2024 күні Орынтаева У.С. 9 сыныпта ағылшын тілінен конференция сабағын өткізді. 12.12.2024 күні тарих пәнінің мұғалімі Жетенова А.Б. «Тапқырлар әлемі» атты интеллектуалдық ойын өткізді 5-9 сынып оқушыларымен. Осы күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Нұрмұхамбетов Е.Б. 8 сыныпта қазақ әдебиетінен «Қыз Жібек» атты ашық сабақ өткізді. 13.12.2024 күні апталықтың жабылуы болып қорытынды жасалды.



Қаңтар айында 5-9 сыныптар аралығында ағылшын тілінен оқу жылдамдығы тексеріліп қорытынды жасалды. Мектеп психологі Нұрмұхамбетова А.С. 5 сынып оқушыларының бейімделуіне бақылау жасады. Технология пәнінен «Шебердің қолы алтын» көрме жұмысы ұйымдастырылды.

Ақпан айында мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарының мониторингісі жасалым отырыс өткізілді. Орта буында сабақ беретін мұғалімдердің «Білім класс» электрондық журнал тексеріліп жіберілген олқылықтарды жою мақсатында 2 күн уақыт беріліп қайта тексерілді. Ақпан айының 10-14 аралығында информатика, математика, физика пәндерінен «Ғылым кереметтері» атты апталық өткізілді. Апталық ішінде биология пәнінен ү сыныпта «Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар» атты ашық сабақты биология пәнінің мұғалімі Шешхан Алтынсекер өткізді. Информатика пәнінен 5 сыныпта «Робо сумо» тақырыбына ашық сабақты информатика пәнінің мұғалімі Баяділ А.Д. өткізді.



Наурыз айында 4 сынып оқушыларына пәндік бақылау өткізілді. 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі туралы мектеп психологі мәлімдеме жасады. Қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиет, ағылшын тілі пәндерінің сабақтарына қатысып анықтамалар жазылды. Оқушылардың дәптерлерін талапқа сай жүргізілуіне бақылау жасалды.

Сәуір айында 2 жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға есеп берілді. 4 сынып оқушыларына пәндік бақылау жасалды. Сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының және кеңес алу кестесін жасау, емтихан материалдарын даярлау жұмыстарын атқарды.

«Ашық есік» ата-аналардың ашық сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға қатысуына қорытынды жасалды.

Ұсыныстар:

1. Ашық сабақтар мен тәрбие сағаттарын жиі өткізу
2. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сабақтар көбірек қатысу .
3. Балалармен жұмысты жандандыруды алда да үзбей жалғастыру.
4. Балалардың тілін дамыту мақсатында кітапханамен жұмысты қолға алу
5. Жаңартылған бағдарлама бойынша үнемі білім жетілдіріп , жаңалықтармен үзбей танысып отыру.
6. Баспа беттерінде өз тәжірибелерін жиі жариялап отыру.
7. Аудандық немесе мектепаралық сайыстарға оқушыларды жиі қатыстырып отыруды қолға алу.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мақсаты:

- білімдегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмысты бақылау;
 - үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты консультациялар, оқытушылардың жұмысы, олардың қатысуы бойынша тексеру;
 - бір жыл ішінде үлгермеген оқушыларды анықтау, үлгермеу себебін талдау.
- Үлгерімі төмен оқушылар кіріс бақылау (мектеп курсына бақылау бөлімдері) жүргізілгеннен кейін анықталады, кеңестер мен педагогикалық кеңестерде: сабақтардағы жеке жұмыс арқылы олқылықтарды жою, білім алушылардың ата-аналарымен байланыс туралы, танымдық қызметке деген ынтаны арттыру туралы мәселелер талқыланады.
- Үлгермеу себептері: интеллекттің әлсіз дамуы, есте сақтау қабілетінің нашарлығы, баланың психикалық және эмоционалдық даму ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтардың болмауы және оқуға деген ынтаның төмендігі, білімдегі олқылықтар, оқу жұмысының дағдылары дамымаған, мектептен тыс ортаның (отбасы, құрдастар) теріс әсері.
- Пән мұғалімдері сабақтарда оқытуда сараланған тәсілді жүзеге асыра отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс істейді.
- Қорытынды. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, үлгерімсіздіктің алдын алу үшін мұғалімдер жұмыс істейді, оның себебін анықтайды және білім алушыларға келеңсіздіктерді жоюға көмектеседі.
- Ұсыныстар: үлгерімі төмен оқушыларға мінездеме жасау, себептерін анықтау, осы оқушылар үшін жетістікке жету жолдарын анықтау, оқушы, мұғалім, ата-аналармен байланыста жұмыс істеу қажет.

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш буын арасындағы сабақтастық

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру барысында мектепалды сынып, шағын орталық және бастауыш сынып арасындағы сабақтастығының жұмыс жоспары құрылды. Мектепке даярлық сыныбына , шағын орталықтан тәрбиешілер Гульмира Жеңісқызы және Жұлдыз Нығметжановна тәрбиеленушілерді әкелді. Балалар бөлмемен танысып, МАД сыныбының балаларымен бірге жаттығулар жасады, жас ерекшелігіне сай әр түрлі тапсырмалар орындады , партаға отырып қызығушылық танытты. Ал МАД сыныбының балалары 1-сыныптың ашық сынып сағатына қатысты. Балаларға ұнады , 1-сынып оқушыларымен бірге , мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беруге тырысып отырды.

Бастауыш сынып мұғалімі Тасымбекова Ж.Қ. сәуірдің 22.04 1-сынып оқушылары мен МАД сынып тәрбиеленушілерінің он көлемінде қосу азайту дағдыларын анықтау мақсатында деңгейлік тапсырмалар ұйымдастырды. Жұмыс түрлері жұптық құрамында өтті. Жұмыс барысында МАД сынып оқушылары белсенді болды, барлығы қосу азайту таңбасын ажыратады, берілген мәндерін дұрыс табады, қиындық туындағанда 1-ші сынып оқушыларынан көмек сұрай білді.

24.04 Жанар Құдашқызы кіріктірілген сабақ ұйымдастырды. Сабаққа сауат ашу, қоршаған орта , сөйлеуді дамыту пәндерінен тапсырмалар болды. Балалар тапсырмаларды орындау

барысында әріптерді таниды, буындап оқиды, мамандық иелерін біледі және олардың құралдарын ажыратады.

23, 25 сәуір күндері МАД педагогі Ә.Т. Жарылгасова шағын орталық тәрбиеленушілерімен математика және сауат ашу пәндері бойынша сабақтар өткізді. Сабақ барысында ш/о тәрбиеленушілер жас ерекшелігіне сай өз білімдерін көрсете алды. Мысалы Жолымтай Гүлзат және Махамбетова Дарина түстерді ажыратады, берілген суреттердегі заттарды дұрыс атады, түрлі сызықтарды бастырды, пішіндерді ажыратады, заттарды санмен сәйкестендірді, сандардың көршілерін МАД топ балаларымен бірлесіп орындады. 1-5 дейінгі сандар қатарын дұрыс атады, тура, кері санайды. Омельченко Сезім түстерді шатастырады, сандарды атауға қиналады, тура санайды бірақ кері санай алмайды.

Шағын орталық тәрбиеленушілері жаңа ортада өздерін еркін ұстады, балалармен қарым-қатынасқа түсті. Тапсырманы тыңдай білді, түсінді және дұрыс орындай алды.

Ұсыныстар: тәрбие процесінде ойын түрінде жүргізуге тырысу керек, сабақта, топ серуендерде, әртүрлі тәрбие іс – шараларында дидактикалық ойындар, логикалық ойын – жаттығулар, проблемалық жағдаяттар, балаларды қызықтыратын ойын – жарыс элементтерін пайдаланған дұрыс.

Мектеп кітапханасы

Мектеп кітапханасы оқу процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымындарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай –ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениетті тарту орталығы болып табылады.

Тамыз айында сынып жетекшілері арқылы оқушылар тегіс 100% оқулықтармен қамтылды. Жаңадан түскен оқулықтарға тіркеу-картотекасы жасалынды.

1 сынып және 5 сынып оқушылары жаңа оқулықтармен қамтылды.

1 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

3 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

4 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

5 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

6 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

7 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

8 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылды.

9 сынып 100% жаңа оқулықтармен қамтылған жоқ.

Мектеп қорында жоқ оқулықтар басқа мектептерден алмастыру жұмысы арқылы қамтамасыз етілді.


«Оқу сағаты!» сыныптан тыс іс-шаралары апта сайын сыныптар мен кітапханада өткізіліп, оқушылардың тұрақты түрде кітап оқуға тартылуына мүмкіндік берді. 1 сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында саяхат жасалды. Саяхатқа 1 сынып оқушылары қатысты. Оларға кітап туралы түсінік берілді. Кітапты оқу ережесі, кітапхана ережесі туралы түсінік берілді. Кітаптардың түрлерімен таныстырылды.



2. «Мектепке кітап сыйла!», «Балаларға ертегі сыйла!», «Кітаптар айналымы» (буккроссинг) акциялары ай сайын ұйымдастырылып отырды. Бұл шаралар оқырмандар арасында кітап алмасу мәдениетін дамытып, кітап қорын толықтырды.

3. Жыл бойы «Жаңа кітаптар» көрмесі дәстүрлі түрде ұсынылып, жаңадан түскен әдебиеттермен таныстыру жүйелі түрде жүргізілді.

4. «Мен кітаппен әлемді ашамын!» атты ұсыныс тізімдері мен көрнекі көрсеткіштер арқылы балалар әдебиеті насихатталды.
5. «Мен оқыдым және сізге кеңес беремін!» онлайн-презентациялары жүргізілді.
6. Әлеуметтік желілер мен мектеп сайтында «Мен оқуды ұсынамын!» тақырыбында оқушылар оқыған кітаптарын ұсынды.



7. Мерекелік және атаулы күндерге арналған кітап көрмелері, жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің мерейтойларына орай шолулар ұйымдастырылды (Жамбыл Жабаев, Мұқағали Мақатаев, Олжас Сүлейменов және т.б.).
8. «Оқулықты аялайық!» акциясы аясында оқулықтарды күтіп ұстау туралы жадынамалар мен буклеттер дайындалды.
9. Интеллектуалды ойындар – «Брейн-ринг», «Не? Қайда? Қашан?», «Ақылдылар алаңы» – қараша мен қаңтар айларында ұйымдастырылды.
10. Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларына арналған кітапханамен танысу экскурсиясы өтті.



11. 1–4 сыныптарға арналған «Кітап патшалығында – дана мемлекетте» әдеби викториналар Wordwall платформасында ұйымдастырылды (қазан, ақпан).
12. Қазанда – аудандық, қарашада – облыстық деңгейде «Әдебиет қаһармандарының шеруі» онлайн фестиваль-байқауына қатыс болды.
13. Маусым айында жазғы мектеппен бірлескен жұмыстар аясында заманауи балалар әдебиетін талқылау, әдеби кештер, кейіпкерлер сайысы өткізілді.



14. Желтоқсанда Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – халық мұраты» атты виртуалды кітап көрмесі жасалды.
15. Желтоқсанда «Оқитын адам – табысты адам!» атты шығарма жазу челленджіне әдістемелік қолдау көрсетілді.
16. Қаңтарда қысқы демалыс кезінде «Қысқы ертегі» әдеби шолу және онлайн-презентациялар өткізілді.

17. Ақпан айында 5–9 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» бейнеролик байқауы ұйымдастырылды.

18. Ақпанда «Шын жүректен досыңа кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылып, кітаптарға арнайы мұқабалар мен тілектер жазылып тарту етілді.

19. Наурызда «Наурыз – бейбітшілік пен жақсылық мерекесі» атты көрме, ұлттық нақыштағы шаралар өткізілді.



20. Сәуірде 1–4 сыныптарға арналған Балалар кітабы апталығы өтті (2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күніне орай).

21. Мамырда 2–10 сынып оқушылары «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» тақырыбында іс шара өткізілді.

22. Маусымда «Қазақстанның негізгі рәміздері» тақырыбында онлайн-презентация дайындалды.

II. Өзін-өзі тану тәсілі ретінде оқу

23. Жыл бойы пән апталықтарына орай кітап көрмелері, әдебиеттерге шолу ұйымдастырылды.

24. Қарашада 5–8 сыныптар арасында «Жүрек пен ақыл үшін оқу!» акциясы өткізілді (пікірлер, кездесулер, викториналар ұйымдастырылды).

25 қазан күні мектеп кітапханасында Республика күніне орай «Менің отаным Қазақстан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім алышылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту.



Күзгі демалыс кезінде «Білсен –жауап бер,білмесен –оқы!» қызықты ойындар сағаты оқушылармен өткізілді

19 қараша күні мектебімізде Қанай Құттымбетұлының 325 жылдығына арнап конференция өткізілді. Конференцияға байланысты кітіптар көрмесі ұйымдастырылды.Мақсаты: Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі Қанай Құттымбетұлының өмірі мен халқы үшін жасаған ерен еңбегімен таныстыру.



Ұсыныстар: Оқушылардың кітапты дауыстап оқуға машықтандыру, халық ауыз әдебиетін көп оқуға қызығушылықтарын ояту.

Мектебімізде «Ақбота» шағын орталығының жұмыс атқарады

Балалардың тәрбиелену негізінде жас ұрпақта ұлттық патриотизм қасиеттерін қалыптастырып адамгершілік-рухани тәрбие беру арқылы әдептілікке, мейірімділікке, ізетілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге құрмет-кішіге қамқорлық жаса, адамдық қасиеттерді қалыптастыру.

Жеке нысаналық әдіс арқылы мектепке дейінгі балалардың шығармашылық потенциалын қалыптастыру.

«Ақбота» шағын орталығына 1,5-5 жас аралығындағы бүлдіршіндер тегіс қамтылған. Шағын орталық 20 балаға арналған және I топпен жұмыс жасалынады. Сағат 8.30 дан 18.00-ге дейін жұмыс атқарады. Қазіргі уақытта 16 бала тәрбиеленуде:

Кіші топ- 13 бала

Ересек топ-3 бала

«Ақбота» шағын орталығы жоспарланған жұмыс бойынша ай сайынғы ісшараларын инстограм парақшасына салады. Балалардың даму картасын жүйелі толтырып отырады.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша : «Күзгі көрініс» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балалардың күз мезгілінің ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейту.

Инстаграмм сілтемесі: https://www.instagram.com/reel/DA5oCPmsJv_/?igsh=andobGtuZjYyZjVh



Бір тұтас тәрбие бағдарламасы бойынша: «Өлкетану мұражайы - Елімнің тарихы» атты мұражайына саяхат ұйымдастырылды.

«Әжелер мен аналар», «Асқар тау» атты әкелер, «Жас ата-аналар» мектептері құрылып жоспарлар бойынша іс-шаралар өткізілді:

Балабақшаға бармайтын балалардың ата аналарын кеңес беру орталығына шақыру.

Консультациялық пунктін жұмысы туралы ата-аналарды ақпараттандыру.

Инстаграмм сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/DCoh5Noo4EK/?igsh=c3o1b2ZsaDNtc3U>



Тәрбие сабағы: "Бірлік бақыттың бастауы"

Мақсаты: 1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.



Инстаграмм сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DJEa6OVIVQf/?igsh=MTNrN3VmaHlzOGhkNw==>

25 Қазан Республика күніне орай : «Менің елім- Қазақстан» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйреті. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Қазақстан Республикасының рәміздерін қайталап, еске түсіру.

Инстаграмм сілтемесі:

https://www.instagram.com/reel/DBg_G0ho3fG/?igsh=eTZhZnozddN1OW96



Ұсыныс: шағын орталықтың ересек топ оқушылармен синхрондық сабақтарды жиі өткізу. Баланың даму динамикасына баса назар аудару керек.

Аға тәлімгердің атқарған іс –шара

Аға тәлімгердің жұмысы қыркүйек айының бірінші күнімен басталды. «Білім күні» салтанатты жиыны 1 сынып пен 9 сыныптарға ұйымдастырылып өткізілді. Және мектеп бойынша «Менің Отаным Қазақстан» атты сынып сағаттар өткізілді. Сонымен қатар «Жас Ұлан» ұйымының отырысы және белсенділер жиналысы болды. Оқушылар «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ережелерімен танысты. Жолда жүру ережелері апталығы өткізіліп, оқушылар үзіліс кездерінде ашық ойындарға қатыстырылды.



«Құрметтеймін қарттарды» қарттар күніне арналған видео құттықтау өткізілді. Мұғалімдер күніне орай «Ұстаз аты-биік тұлға, әрі мәңгілік» мерекелік жиын ұйымдастырылды. Үзіліс уақытында «Шынықсаң шымыр боларсың» бой сергіту жаттығулары өткізілді. «Еңбегі адал- жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрменкесі өткізілді. Біздің мектеп буллингке қарсы.



<https://www.instagram.com/reel/DAPvErRsk1U/?igsh=Njk1OXY2MGpvZTR0>

<https://www.instagram.com/reel/DAsxkuXscxt/?igsh=Yzd1bTZsMjZ4bXZ4>

<https://www.instagram.com/reel/DAsyfcOsa1t/?igsh=M2p2Y242cHk5dTJq>

2024ж 19 қазан біздің мектепте Президенттің мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруына “сайлауы” өтті. Бұл шараның алдында елеулі жұмыстар атқарылды. Сайлауға дайындық шарттары барынша шынайыға жақын болды. Сайлаушылар 4-9 сынып оқушылары, сондай-ақ мектептің бүкіл педагогикалық ұжымы болды, сайлауға дауыс беруге құқығы барлардың жалпы санының 85 пайызы қатысты. 30 адам дауыс берді. Сайлау өтті деп танылды.

Сайлау науқанының барлық негізгі кезеңдері қарастырылды: мектеп сайлау комиссиясын құру; кандидаттарды ұсыну; кандидаттарды тіркеу; науқан кезеңі; дауыс беру; дауыстарды санау; Президенттің инаугурациясы. Шешім мектеп әкімшілігімен келісілді. Дауыс беру кезінде оқушылардың белсенділігі жоғары болды, бұл олардың мектеп өміріне деген қызығушылығын көрсетті.



Мектеп



<https://www.instagram.com/reel/DBTLTLxs07E/?igsh=MXI0ZTV1bnltdGF0cA==>

“Жас Ұлан”, “Жас қыран”-ға қабылдау

“Жас Ұлан” 5 сынып және “Жас Қыран” 1 сынып оқушылары



<https://www.instagram.com/p/DCyKPyIMV-t/?igsh=anp6YTVzdGdqclX>

Қаңтар айында: Айдың басында 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен қысқы көңілді ашық ойындар ұйымдастырылды. Ойындар таза ауада далада өткізілді. Барлық оқушылар атсалысып қатысты. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері қатысты. Қарт адамдарға көмек көрсету еріктілер қозғалысы өткізілді. Ауылдағы қарт адамдардың ауласын қардан тазалауға оқушылар көмектесті. «Жас Ұлан» белсенділер отырысы өткізілді.

Мектебімізде Қанай Құттымбетұлының 325 жылдығына арналған аудандық конференция өтті. Мақсаты: Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі Қанай Құттымбетұлының 325 жыл толуына орай оның өмірі мен халқы үшін жасаған ерен еңбегімен таныстыру.



0-9 сынып оқушыларының қатысуымен «1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні» іс-шара ұйымдастырылды. Барлық сыныптар қатысты. Әр сынып әр ұлттың өнерін көрсетті.

Жақсы нәтиже көрсеткен сыныптар марапатталды. «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» сынып сағаты ұйымдастырылды. «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды» Жеңіс күніне арналған мерекелік іс шаралардың орнына сынып сағаттары өткізілді. Жас Ұлан белсенділері әр сыныптың тапсыратын оқулықтарын тексеріп, кітапханаға тапсыруға көмектесті. Айдың соңында 0-9 сыныптар аралығында соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиын ұйымдастырылып, барлық сыныптар қатысты. «Білімім-Отаныма» атты сынып сағаттары өткізілді. 1 сынып, бастауышпен қоштасатын 4 сынып оқушылары мектеп түлектері өз өнерлерін көрсетті. Соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиын жақсы өтті. «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымы жылдық жұмыстарын қорытындылады.

Ауылымызда Жеңіс күніне орай ұйымдастырылған іс-шара аясында Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан батырларды еске алу салтанатты рәсімі өтті. Іс-шара барысында ауыл тұрғындары мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен құрмет көрсетті. Сонымен қатар, ардагерлердің өмір жолы туралы естеліктер айтылды. Бұл шара – өскелең ұрпаққа бейбіт өмірдің бағасын түсіндіру, батырлардың ерлігіне тағзым ету мақсатында өткізілді.



Ұсыныс: волонтерлық жұмыстар қолға алынсын

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі бұйрығы бойынша 2024 жылғы "30" шілдедегі № 194 Ұлт бейнесін анықтайтын негізгі құндылықтар бағдарламаның мазмұнына енгізілген, бұл:

- тәуелсіздік және патриотизм;
- бірлік пен ынтымақтастық;
- әділдік және жауапкершілік;
- заң және тәртіп;
- еңбекқорлық және кәсіпқойлық;
- құру және жаңашылдық

"Әділеттілік – принцип ретінде, жауапкершілік – негіз ретінде, прогресс – мақсат ретінде" Бағдарламаның негізгі хабарламасы болып табылады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ: рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру. Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағытталған және құзыреттілікке негізделген тәсілдерге негізделген. Олар оқыту, тәрбиелеу және дамытуды біріктіруге бағытталған.

Негізгі құндылықтарды тәрбиелеу негізінде құзыреттілік тәсілді іске асыру шеңберінде білім алушыларда түйінді құзыреттіліктер дамуы тиіс.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- ❖ Қыркүйек-еңбекқорлық пен кәсіпқойлық айы;
- ❖ Қазан-Тәуелсіздік және патриотизм айы;
- ❖ Қараша-әділеттілік пен жауапкершілік айы;
- ❖ Желтоқсан-бірлік пен ынтымақтастық айы;
- ❖ Қаңтар-заң және тәртіп айы;
- ❖ Ақпан-жасампаздық пен жаңашылдық айы;
- ❖ Наурыз-Тәуелсіздік және патриотизм айы;
- ❖ Сәуір-еңбекқорлық пен кәсіпқойлық айы;
- ❖ Мамыр-Бірлік пен ынтымақтастық айы –деп бөлінді.

2024 жылғы 1 қыркүйек күні мектебімізде Білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. Іс-шараға 1–9 сынып оқушылары, ұстаздар құрамы және ата-аналар қатысты. Мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, 1-сынып оқушыларына арналған «Алғашқы қоңырау» рәсімі ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушылары дайындаған көркемсөз, өлеңдер мен музыкалық номерлер шараның мазмұнын аша түсті. Іс-шара оқушылардың бойында отансүйгіштік, білімге деген құштарлық сезімін оятты.



«Қамқор» жобасы бойынша

Тақырыбы: «Қоғамға қызмет ету» Волонтерлік қызмет

Жоба атауы: «Қамқор»

Өткізу мерзімі: 02.10.24

Өткізу орны: Қанай би ауылының қарттарына көмек

Ұйымдастырушы: Өзін – өзі басқару ұйымы.

Мақсаты: Оқушылардың үлкендерге құрмет көрсету, мейірімділік пен жанашырлық сезімдерін дамыту, қоғамға пайдалы болуға тәрбиелеу.

Нәтижесі: Оқушылар қарттарға көмек көрсету шараларына қатысып, олардың күнделікті тұрмыстық істеріне жәрдемдесті. Бұл іс-шара оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, үлкендерге деген құрмет пен қамқорлық сезімдерін нығайтты.



Мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерт

3-қазан күні, мектебімізде Ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға мектептің шығармашылық ұжымы, белсенді оқушылар мен ата-аналар атсалысты. Концерт барысында оқушылар ұстаздарға арнап өлең оқып, ән айтты, би билеп, түрлі қойылымдар көрсетті. Ардагер ұстаздар шақырылып, оларға гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Бұл мереке ұстаздарымыздың еңбегін бағалап, оларды ұлықтауға бағытталған тәрбиелік мәні зор іс-шара болды.

24 қазан күні Республика күніне арналған концерттік іс-шара өткізілді.

Мақсаты – Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, Тәуелсіздік құндылығын сезіндіру. Іс-шараға оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар қатысты. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылданды. Мерекелік кеште оқушылар Тәуелсіз Қазақстан туралы тақпақтар айтып, патриоттық әндер шырқады. Республика тарихына арналған сынып сағаттарында презентациялар мен викториналық ойындар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты.



Тақырыбы: «Жер сағаты» Экологиялық ациясы

Жоба атауы: «Қамқор»

Өткізу мерзімі: 02.04.2024

Ұйымдастырушы: Аға тәлімгер мен Биология пәнінің мұғалімі

Мақсаты: Оқушылар мен ата-аналардың назарын климаттың өзгеру мәселесіне аудару, энергияны үнемдеу дағдыларын қалыптастыру және экологиялық мәдениетті дамыту.

Нәтижесі: Акция барысында мектепте бір сағатқа жарықтар сөндіріліп, оқушылар мен ата-аналарға энергияны үнемдеудің маңыздылығы түсіндірілді. Бұл шара экологиялық мәселелерге деген жауапкершілікті арттырып, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізді.



Қанай бидің 325 жылдығына арналған аудандық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Мақсаты:

- Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, би-шешені Қанай бидің өмірі мен тарихи рөлін оқушыларға таныстыру;
- Оқушылардың тарихқа қызығушылығын арттыру, сөйлеу және зерттеу қабілетін дамыту;
- Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-бабамыздың даналығын ұлықтау.



Мектебімізде ұлы би Қанай бидің 325 жылдығына орай ауқымды аудандық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға аудан көлеміндегі мектеп оқушылары, мұғалімдер, тарих пәні мұғалімдері мен өлкетанушылар қатысты.

Іс-шара салтанатты түрде ашылып, оқушылар Қанай бидің өмір жолы, ел бірлігі жолындағы еңбегі жайлы баяндамалар жасап, жобаларын қорғады.

Конференция барысында:

- Тақырыптық көрме қойылды;

- Қанай бидің нақыл сөздері мен шешендік өнері талданды;
- Оқушылар арасынан үздік баяндамашылар марапатталды.

Қорытынды: Іс-шара жас ұрпақтың тарихи танымын кеңейтіп, рухани құндылықтарға деген құрметін арттырды. Конференция жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға мол рухани азық берді. Қанай бидің есімі арқылы әділдік пен бірлікті ту еткен қазақ елінің тағылымы жастар санасында жаңғырды.

Тақырыбы: «Мектеп театры» жобасы

Жоба атауы: Шабыт жобасы

Өткізу мерзімі: 13.01.2025, 3-4 сынып айтыс жарысы өтті.

Ұйымдастырушы: Бастауыш сынып жетекшілер

Мақсаты: Оқушылардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыру, айтыс өнері арқылы шешендік қабілеттерін дамыту және ұлттық мәдениетті насихаттау.

Мектеп театрының ұйымдастыруымен өткізілген бұл іс-шарада оқушылар айтыс өнерінің негіздерімен танысып, өзара айтыс ұйымдастырды. Іс-шара барысында оқушылар жұптасып, түрлі тақырыптарда айтысып, өздерінің шешендік қабілеттерін көрсетті.



Нәтижесі: Шешендік қабілеттері артты: Оқушылардың сөз саптау, ойды нақты жеткізу және тыңдаушыны баурап алу қабілеттері дамыды.

- Ұлттық өнерге қызығушылық артты: Оқушылар айтыс өнерінің маңыздылығын түсініп, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтары артты.
- Өзін-өзі көрсету дағдылары қалыптасты: Оқушылар көпшілік алдында өз ойларын еркін жеткізуге үйренді.

«Даналық мектебі»

«Даналық мектебі» шеңберінде өткізілген осы іс-шаралар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыруда елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Отбасылық ынтымақтастық пен дәстүрлерді насихаттау: Аналар мен әкелердің, сондай-ақ әжелердің тәрбиедегі үлгісі мектепте ғана емес, үйде де жалғасып, оқушылардың рухани дамуына септігін тигізді. Ұлттық мәдениеттің орны: Ұлттық ойындар мен аспаздық шеберлік арқылы мектеп қауымдастығында ұлттық құндылықтарға деген құрмет артып, патриоттық сезімдер нығайды. Бала тәрбиесінің жан-жақты дамуы: Бала бақшада салт-дәстүрлерді көрсету іс-шарасы оқушылардың шығармашылық пен рухани дамуын қамтамасыз етіп, олардың ұлттық мәдениетпен танысуына ықпал етті. Бұл іс-шаралар мектеп қауымдастығының бірлескен еңбегі нәтижесінде сәтті өтті. Алдағы уақытта да осындай тәрбие бағытындағы шараларды жалғастырып, оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау жоспарлануда.

1. Аналар клубы – Аспаздық шеберлік тақырыбы

Мақсаты: Ата-аналардың, әсіресе аналардың, аспаздық өнер мен дәстүрлі ұлттық тағамдарды меңгеру арқылы отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету жолдарын үйрету. Балаларға денсаулыққа пайдалы, ұлттық тағамдарды жасау үрдісін насихаттау және үйдегі аспаздық дәстүрлерді жалғастыруға ынталандыру.

Нәтижесі: Аналар арасында аспаздық шеберлікке деген қызығушылық артты, жаңа рецепттер мен дәстүрлі әдістер талқыланды. Отбасылық ас үйде шығармашылықтың жаңа үлгілері байқалып, балалар ұлттық тағамдармен танысып, өздерінің жеке талғамын қалыптастырды.



Әкелер клубы – «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» тақырыбындағы ұлттық ойындар

Мақсаты: Әкелердің баланы тәрбиелеудегі ерекше рөлін насихаттау, олардың тәрбиелік күшін көрсету. Ұлттық ойындар арқылы баланың физикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету, топтық ынтымақтастықты арттыру.

Нәтижесі: Әкелер мен балалар арасындағы өзара байланыс нығайтылып, ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру мен логикалық ойлау дамыды. “Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды” деген нақыл сөздің мәні оқушылар мен ата-аналар арасында кеңінен таралды, әке тәрбиесінің маңыздылығы айқын көрінді.

Әжелер клубы – «Әжелер сөзі – тәрбие көзі» ұлттық ойын

Мақсаты: Әжелердің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды рөлін дәріптеу, ұлттық салт-дәстүрлер мен ұрпаққа берілетін даналықты насихаттау.

Ұлттық ойындар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін және ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыру.



Нәтижесі: Әжелердің даналығы мен өмірлік тәжірибесі оқушыларға жеткізіле отырып, ұлттық ойындар мен дәстүрлердің маңыздылығы артты. Оқушылардың тәрбиелік және рухани дамуына үлес қосып, олардың ұлттық мәдениетпен танысу деңгейі артты.



Балабақша – Салт-дәстүрлерді көрсету іс-шарасы

Мақсаты: Балалар бақша деңгейінде ұлттық салт-дәстүрлерді таныстырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бала тәрбиесінде ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің орын алатынын көрсету, ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу.

Нәтижесі: Бала бақшада ұйымдастырылған іс-шара барысында балалар ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды көрнекі түрде танысып, өздерінің мәдени мұрасына құрметпен қарауды меңгерді. Іс-шара балалардың шығармашылық қабілетін арттырып, ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарға негізделген оң үрдістерді қалыптастырды.

23-мамыр салтанатты жиын мен тәрбие сағаты өтті. «Білім – Отаным!» тақырыбымен басталып, Мемлекеттік Әнұранмен ашылды. Жиында мектеп директоры мен оқу ісәнің жөніндегі орынбасары сөз сөйлеп, оқу жылында үздік нәтиже көрсеткен оқушыларды атап өтті.



Тәрбие сағаты аясында:

- Әр сынып жыл бойғы жетістіктерін слайд арқылы таныстырды;
- «Менің арманым – болашақ мамандығым» тақырыбында оқушылар ой бөлісті;
- Оқушылар Отан, білім, ұстаз тақырыптарында өлеңдер оқып, ән айтты;

Салтанатты жиында:

- 9-сынып түлектеріне арнап тілектер айтылып, марапаттар табысталды;
- «Белсенді оқушы» номинациялары бойынша марапаттау өтті;
- Түлектерге естелік ретінде кәдесыйлар берілді;
- Балаларға жазғы демалыс ережелері түсіндірілді.



Мектепішілік жиын жоғары деңгейде өтті. Оқушылар өз білім жолының маңызын түсініп, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Ұстаздар мен ата-аналар тарапынан ризашылық білдірілді. Бұл іс-шара оқушылардың білімге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, болашаққа деген сенімін нығайтты.

Қорытынды: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында туындаған қиындықтарға қарамастан, мектеп ұжымы мен ата-аналардың бірлескен әрекеттері арқылы көптеген мәселелер шешімін тапты. Бағдарламаның негізгі мақсаты – ұлттық және адамгершілік құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіру, сол мақсатымызға осы жылы жеттік деп айта аламын.

2025-2026 оқу жылындағы міндеттер

Мектептің педагогикалық ұжымының нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, проблемаларды педагогикалық талдау негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жаңа оқу жылына арналған міндеттер айқындалды, олар:

- инновациялық технологияларды дамыту мен игеру, мектепті дамыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды (ұйымдастырушылық, кадрлық, материалдық-техникалық, уәждемелік, нормативтік) жасауды жалғастыру;
- әр оқушының табысты оқуы үшін қолайлы жағдай жасау жұмысын жақсарту;
- барлық пәндер бойынша білім деңгейін және 100% үлгерімді сақтау;
- білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- сапалы мектептегі білім мазмұны бойынша жұмысты жалғастыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру;
- сабақта жаңа білімді меңгеру бойынша жұмыс жасау кезінде оқушылардың құзыреттілік және жүйелік-белсенділік тәсілдерін жүзеге асыру;
- оқу технологияларын белсенді енгізу және сабақ уақытында және сабақтан кейін әртүрлі жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ынталы балалармен жұмыс жүйесін жетілдіру.